**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепке дейінгі ұйым атауы: ЖШС «Бақытты бала» балабақшасы
Топ: «Қошақан» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5жас
Қараша айы. 04.11-08.11.2024ж. 1 апта

«Тексерілді»:______
Әдіскер: Ж.С.Давлеткалиева
Тәрбиешілер: Г.К.Рымбекова
Ж.Ж.Ахметова

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 04.11.2024 | Сейсенбі 05.11.2024 | Сәрсенбі 06.11.2024 | Бейсенбі 07.11.2024 | Жұма 08.11.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендерін сұрау. **Медбике тексеру** | Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйретуді жалғастыру. **Күй күмбірі** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу . Баланың бүгінгі көңіл күйі, демалыс күндері қалай өткені туралы жеке пікірін білдіруге тарту **Күй күмбірі** | Балалық шақ күйімен қарс ы алу Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйретуді жалғастыру **Күй күмбірі** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендерін сұрау. **Күй күмбірі** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру Өнегелі 15мин | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. Өнегелі 15мин | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді | Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. Өнегелі 15мин | «Дұрыс тамақтануға баулу» Өнегелі 15мин |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сездіріңіз.<br>Өнегелі 15мин | | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Ұлттық ойын: «Түйілген орамал»<br>Міндеті: Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. | Ұлттық ойын:«Әуе таяқ »<br>Міндеті: Шымыр болуға, ұлттық ойындарды ажырата отырып патриоттық сезімдерін қалыптастыру.<br>Жеті лақ» ертегісін мазмұндау. | Ұлттық ойын: Соқыр теке<br>Міндеті: Балалрды шапшандылықпен, мергендікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Бір тұтас тәрбие** | Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»<br>Міндеті: Балалардың адамгершілік патриоттық сезімдерін оятя отырып тәптіпті бала болуға тәрбиелеу.<br>**Бір тұтас тәрбие** | Ұлттық ойын: «Бес асық»<br>Міндеті: Асық туралы жалпы түсінік беру, асықты қалай ату жолын көрсету.<br>**Бір тұтас тәрбие** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ( (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Көрнекілік негізінде 8 санының пайда болуымен | Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді,синонимдер мен | Шамасы бойынша заттардың арасындағы | Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен | Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таныстыру. 8 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету | антонимдерді қолдануды,белгілі бір затқа белгілерді,әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуді дамыту. | қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануды дамыту | таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш)мен денелерді(шар,текше, цилиндр)дұрыс атап,оларды ажырата білуге жаттықтыру. | жақта,оң жақта,жоғарыда,төменде);қозғалыс бағыттары:сол жақтан оң жаққа,оң жақтан сол жаққа,жоғарыдан төменге,алға,артқа. |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Менің Қазақстаным»**<br>ҚР әнұраны Орындалады<br><br>**Математика негіздері**<br>**Тақырып:**<br>Менің аулам. Не қайда орналасқан?<br>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) | **Сауат ашу**<br>**Тақырып:**<br>Бәріміз тақпақ айтамыз. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау.<br>Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.<br>Суретпен жұмыс: суретте не бейнеленгенін | **Қазақ тілі**<br>**Тақырып:**<br>сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру.<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Тақпақ жаттау.<br>Шағын мәтіндер құрау үйрету | **Математика негіздері**<br>**Тақырып:**<br>Менің мерекем.<br>Заттарды өлшемі (биіктігі, ұзындығы, қалыңдығы) бойынша салыстырамын.<br>**Дидактикалық ойын.**<br>Көленкесін тап .<br>Заттардың көленкесін табады, биіктігі мен ұзындығын ажыратады, салыстырады.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырып:** | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырып:**<br>Оқу құралдары хикаясы (ертегі)<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды,<br>**Дидактикалық ойын**:<br>Сөмкеге не саламын.<br>Ертегі мазмунын айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату<br>**Дидактикалық ойын:** не қайда орналасқан?<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырып:**<br>Мен білетін жақсы сөздер.<br>Сөз<br>Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>Суретпен жұмыс: суретте не | айтады, заттарды атайды.<br>Сөздерді буынға бөледі, берлген сөзге сөйлем құрайды.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырып:**<br>Балабақшадағы қызметкерлердің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету.<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету<br><br>**Музыка**<br>**Тақырып:**<br>***Жомарт өлкем***<br>Қазақ халқының | **Математика негіздері**<br>**Тақырып:**<br>Заттарды өлшемі (биіктігі, ұзындығы, қалыңдығы) бойынша салыстырамын.<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>Көленкесін тап .<br>Заттардың көленкесін табады, биіктігі мен ұзындығын ажыратады, салыстырады.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырып:**<br>Ақылдылар.<br>Заттардың арасымен фитболды | Айналамдағы дыбыстар.<br>Дыбыс<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>Суретпен жұмыс: суретте не бейнеленгенін айтады, заттарды атайды. Сөздерді буынға бөледі, берлген сөзге сөйлем құрайды.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырып:**<br>Су – тіршілік көзі<br>Судың адамзат тіршілігіндегі маңызы туралы түсініктерін нақтылау; судың қасиеттерімен таныстыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырып:**<br>Ең тәтті дүние.<br>Әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту.<br>Хайуанаттарды жақсы көруге тәрбиелеу<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырып:**<br>Бізбен бірге және бізден артық орында.<br>Күш, ептілік секілді дене сапаларын және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.<br>Ұжым болып бірлесіп тапсырмаларды орындауға және мейірімділік пен тәртіптілікке тәрбиелеу<br>**Шығармашылық:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бейнеленгенін айтады, заттарды атайды. Сөздерді буынга бөледі, берлген сөзге сөйлем құрайды. **Қоршаған ортамен танысу** **Тақырып:** Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген | музыкасын қабылдау. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету. Балаларды туған өлкесін сүюге,аялай білуге тәрбиелеу **Сөйлеуді дамыту** | саусақпен жеңіл қозғалту шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Ұжымшылдыққа, қыздарды сыйлауға тәрбиелеу. **Көркем әдебиет** **Тақырып:** Алтын бала (әңгіме) Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. | Танымдық мүмкіндіктерін арттыру; тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту. Суды үнемдеуге тәрбиелеу; топта жұмыс істей білуге, ұжымда өзін дұрыс ұстай білуге дағдыландыру **Музыка** **Тақырып:** ***Жомарт өлкем*** Қазақ халқының музыкасын қабылдау. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның | **Сурет салу** **Тақырыбы:** Кірпілер жанұясы күні бойы жеміс жидек жинайды (кірпінің жанұясы) Адамның бейнесін, салу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сенімділікті арттыру.<br><br>**Дидакталық ойын.** Мен тәртіпті баламын<br><br>**Дене шынықтыру**<br><br>**Тақырып:** Ақылдылар. Заттардың арасымен фитболды саусақпен жеңіл қозғалту шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Ұжымшылдыққа, қыздарды сыйлауға тәрбиелеу. | **Тақырыбы:** Өскенде мен кім болам?Балаларды ң сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Суретпен жұмыс: суретте не бейнеленгенін айтады, заттарды атайды. | | кейбір элементтерімен таныстыру. Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету. Балаларды туған өлкесін сүюге,аялай білуге тәрбиелеу | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау** | **Ағаштарды** | **Аула** | **Гүлзарларды** | **Өзгерістерді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру: күнің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру. Бақылау: Серуен алдында балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды. Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын | **бақылау** Мақсаты: күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой – өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу. Көркем сөз: Ұшты талдан жапырақ Сары көблек секілді Аспанда жай шатырлап | **тазалаушыны бақылау** Мақсаты: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу. Көркем сөз: Қамымызды ойлайды Тазалайды жинайды Құрметтейміз бәріміз Тазалықшы ағайды Қараңдаршы , жолдарда қаншама жапырақтар жатыр. Ол жапырақты кім тазалайды? Аула тазалаушы қандай еңбек етеді. Ол кісінің қолында қандай құралдары | **бақылау** Мақсаты: Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге. Олардың өсетіні, қурайтыны туралы түсінік қалыптастыру . Бақылау Күн жылы болып, күн сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гулзарларда өсімдіктер жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн қысқарып, жер дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады. Тақпақ: Гүл өсірем үйде Су құямын күнде Гүл күткенді біледі | **бақылау** Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады. Тақпақ: Күзде жауын. Бұлт. Тұман Сары жапырақ жауады. Сары құйын үйтқыған Сапырады ауаны Тапталады табанға Судыр- судыр жапырақ Өрттей сары бояуға Малынғандай атырап. М. Әлімбаев Қозғалмалы ойын: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белгілеу.<br>Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды<br>Ішінен жібек шашылды<br>(күннің көзі)<br>Аспандағы алып доп<br>Жарқырайды жарық боп<br>(күн)<br>Көркем сөз:<br>Күз де келді, күз келді<br>Күдерін жаз үзгенді<br>Күз де келді, күз келді<br>Көкте бұлттар жүзді енді.<br>Күз де келді, күз келді<br>Құстар мекен іздеді.<br>Қ. Мырзалиев<br>Қимылды ойын: «Қоңыздар»<br>Еңбек: құмсалғышты | Тамшы жерге секірді<br>Тақпақ:<br>Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан – алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>Қозғалмалы ойын: «Өз жұбынды тап»<br>Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын | бар?<br>Біз өз ауламызды, тұратын жерімізді ластауымыз керек пе?<br>Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек?<br>Мақсаты: қоқыстарды белгіленген орынға жинауға, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула тазалаушының құралымен танып, білу.<br>Қимыл – қозғалыс ойын: «Жапалақ»<br>Мақсаты: Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және мұқият тыңдай білуді үйретеді.<br>Еңбек алаңында жұмыс істеу: қоқыстарды белгіленге орынға | Бойын сылап сүйеді<br>Күнде гүлін ашады<br>Жұпарын маған шашады<br>Ө.Тұрманжанов<br>Қимыл – қозғалыс ойын «Мысық пен торғайлар».<br>Мақсаты: жүруге, жүгіруге, шапшаңдыққа үйрету,<br>Еңбек алаңында жұмыс істеу : Гүл ұрықтарын сіріңке қорапшасына жинау. | «Ұшақтар».<br>Мақсаты: Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Алаңдағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жапырақтардан тазарту. | дамыту<br>Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ жинады?» | жинау. | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | *Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Дербес ойын «Қуыршақты тамақтандыр». Мақсаты: Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.<br><br>Мүсіндеу Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | Танымдық-қимылды ойын: «Аңдар жүрісі» Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады. Қоршаған ортамен танысу Қарым-қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | Суреттік боямалар «Кім,қайда өмір сүреді» Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.<br><br>Сурет салу Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **Вариатив** «Сәукеле» Қайшыны ұстау ережелерін түсіндіру.Түрлі-түсті қағаздардан пішіндерді қияды.Қиылған бөліктерден компазиция жапсырып жасай алады. | Дербес ойын «Мозайка» Мақсаты:Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады.<br><br>Құрастыру Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Айзере «Мұнара » Мақсаты: Заттардың түсі, көлемі, пішінін өз бетінше зерттеу және салыстыруға | Ибраһим «Түрлі түсті моншақтар» Мақсаты: ермексазды пайдаланып кішкентай дөңгелектер | Медина «Пирамида» Мақсаты: Түрлі пішіндерден пирамидаларды құрастыру. Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, | Муслим «Алмұрт » Мақсаты: Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру. | Инабат «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: Ойыншықтың түрлерін көрсетіп,өзіне ұнаған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мүмкіндік беру. | жасау арқылы,қолдың моторикасын дамыту. | тіктөртбұрыштардың жапсырмаларын қолдану. | Ермексазды саусақпен басып, домалату, кесектерді біріктіруге үйрету. | ойыншықтың атын атап, ұқыпты бояуға үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | Бақша ауласындағы жапырақтарды жинату.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Қимылды ойын «Кегли»<br>Балалардың еркін ойыны | Қимылды ойын «Жүгіріп өтуге үлгер»<br><br>Балалардың еркін ойыны | Қимылды ойын «Кегли»<br>Көңілді әуенге би билеу, ән тыңдау.<br>**(музыка)**<br>Балалардың еркін ойыны | Орманнан шығар жол сызбасын таяқпен жерде сызу<br>**(танымдық іс әрекет)**<br><br>Қимылды ойын «Кегли»<br>Балалардың еркін ойыны | Қимылды ойын «Соқыр қойшы»<br><br>Балалардың еркін ойыны |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)**. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Психологтың кеңесі:<br>Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау. | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу.<br>. | Ата-аналармен әңгімелесу.<br>Балаларды қайтару. | Кеңес: «Бала мен қоғам» |